

мекен еткен байырғы сақ пен ғұн тайпаларында да қайтыс болған адамның құрал – саймандарын, қару - жарақтарын бірге көмген. Бұдан байырғы бабаларымыздың өлімнен кейінгі өмірге сенгендігін аңғарамыз. Түркілер өлген адамның рухы үйіне қайтыс болған күннің үшінші, жетінші, қырқыншы күні және соңғы рет бір жыл өткен соң келеді деп сенген. Осы күндері туыстары тамақ әзірлеп, өлген адамның рухы ана дүниеге өтті ме жоқ па дегенді анықтау үшін түрлі ғұрыптар жасаған. Кам жерлеу рәсімінде жіберілген қателіктерді түзеуге бола ма дегенді анықтап, өлген адамның рухы туыстарына ырза ма, жоқ па дегенді білуге талпыныс жасайды. Ежелгі замандарда түркілерде мынадай бір ғұрып болыпты. Егер ер кісі қайтыс болса, оның найзасын ұшын аспанға қаратып, үйдің ортасына тігеді. Шаңырақтан шығып тұрған найзаның ұшына ту байлаған. Өлген адам жас болса – қызыл, орта жастағы адам болса – қара, кәрі кісі болса – ақ ту. Осылайша, найза бір жыл бойы аза белгісін білдіріп тұрған. Көшкен кезде оны көштің басында, өлген кісінің атының алдында алып жүрген, (Аттың құйрығының төрттен бірін кесіп тастайтын болған). Түндікті ұзын таяқпен көтеруді жаман ырым санау сол кезден қалған. Түндікті таяқпен ашса, үйде бір адам өледі деп санаған. Осған ұқсас салт ежелгі әлем халықтарында кездеседі. Мәселен, Римдіктер дүниеден өткен адамның рухы жер асты әлемі құдайларының қатал сотынан өтеді. Содан соң Элизийге (жұмаққа) немесе Тартарға (тозаққа) жіберіледі деп сенген.

Осыдан кейін әрбір өліктің тілінің астына тиын салған, жер асты патшалығына жеткізетін тасымалшыға (Гермеске) төлейтін ақы сол деп білген» (7;52). Көп түрлі көне түркі мифологиясында да гректерге тән жұмақ пен тозақтың баламасы бар. Түркілердің Элизийі – Арун-Сюдун (жұмақ). Оған ару-немелер (әруақтар, ізгі адамдар, әулиелер) барады. Ал, Тартары – Тама (тамұқ – таму). Оған қара-немелер (жаман адамдар) тасталады.

Қорытындылай келе, мақалада әлем халықтары оның ішінде қытай, мысыр, грек, ежелгі викигтер мен түркі халықтарының мифтік әңгімелерінің әлемдік мәдени кеңістіктегі орыны мен ерекшеліктеріне салыстырмалы түрде тоқталдық. Үш деңгейлі әлем мен оны байланыстырып тұрған киелі ағаштың әр халықта қалай бейнеленетіні. Жоғарғы, ортаңғы, төменгі әлемде тіршілік ететін рухтар туралы, өлгеннен кейінгі өмір жайлы түсініктің әлем халықтарына ортақ болуы. Адами түсінікте дүниенің жаратылуының үш деңгейлі жүйе ретінде қабылдануы, мәдени байланыстың орнығып отруы әлем халықтарының мифологиясын тығыз байланыстырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. «Әпсаналар» — книга автора [сост. Е. С. Иванова; қазақ тіліне аударған Қайырбек Шағыр]. Издано: (2012).
2. Қасқабасов С. Бәйтерек. Егемен Қазақстан. – 20 маусым. 2008ж.
3. Мифы древнего Китая / В. В. Ежов; [Предисл. и коммент. И.О. Родина]. — М.: ООО «Издательство Астрель»: 0 0 0 «Издательство АСТ», 2004 — 496 с: ил. — (Мифы народов мира).
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана, "Фолиант", 2011. Т. 78: Қазақ мифтері. - 448 бет.
5. Колум П. Название: Великие мифы народов мира Издательство: Центрполиграф Год: 2007 — 352 с.
6. Аймұхамбет Ж. (2017). ТҮРКІ МИФОЛОГИЯСЫ: ТИПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ, ОРТАҚ МОТИВТЕР ЖӘНЕ КЕЙІПКЕРЛЕР // TÜRK DÜNYASI, Dil ve Edebiyat Dergisi / TURKISH WORLD, Journal of Language and Literature Issue: 43 (Bahar-Spring 2017) - ISSN: 1301-0077 Ankara, TURKEY DOI Numarası/DOI Number: 10.24155/tdk. 2017.

Мұхаметқалиева Ақерке Қадылбекқызы

jan55555@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 7М01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Б. Мамаева

Қазір әлемде халықтардың өзіндік ерекшелігін сақтауға, өзінің мәдениеті мен психологиялық қоймасының бірегейлігін атап өтуге, адамдардың белгілі бір этносқа деген көзқарасын сезінуге ұмтылуы өзекті болып отыр.

Қазақтың ұлттық мәдениеті туралы бірінші рет Ахмет Байтұрсынұлы «Түркітанушылардың Бірінші съезінде» (Баку, 1926жылы) стенографиялық есебінде жан-жақты ашып айтты. «Көптеген заттар олардың (Еуропа мәдениеті) жоғарғы мәдениетті тұрмысы, заттық мәдениеті сияқты рухани мәдениеті де біздің халыққа әлі жетпейді» - дейді [1, 424].

М. Әуезов: « Ол күнде мәдениет жоқ, оның үстіне ісләм діні ескіліктің барлық белгісімен қатты алысты» - деп жазды [2, 19]. М. Әуезов ұлттық мәдениеттің орнына «баяғы бағзы заман ескіліктері» тіркесін, М. Жұмабаев «тәрбие», «ізгі құлық», «әдет» баламасын қолданады. «Мәдениет» сөзі «культура» - латын тілінде «жерді өңдеу», «табыну» деген ұғымды берген. Көшпелі түркі мәдениетінің айғайындай болған заттық, рухани мәдениеттің нақты көріністері жер жырту, егін егі сияқты, мыс балқыту, бау-бақша мәдениетінің түрлері кездескен.

Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан сарқылмас қазынасы болып табылатын өзіндік тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет ғұрпы бар. Міне, осы мәдениетті, тарихты, дәстүрді түр мен түссіз елестету мүмкін емес. Мысалы, тарихтан белгілі Көк Түрік, Ақ Орда, Көк Орда, мәдениетімізбен байланысты кісі өлсе, үй сыртынан ту тігу, бала алғаш жүргенде аяғына ала жіп байлау – бәрі-бәрі түр-түспен байланысты. Тіпті, тұрмысқа жаңа шыққан қыз баланың ата-анасына орамал тігіп, өз мұңын, жағдайын, қуанышын жіптің түр-түсімен жеткізіп отырған: «Егер орамал қызыл жіппен кестеленсе, оның әке-шешесі бұл хабарға өте қатты қуанып, барған жеріне риза болған. Өйткені қызыл жіп қуанышты, шат көңілді, бейбіт өмірді білдіреді де, ал сары жіп – керісінше, уайым-қайғының белгісі болғандықтан, қыздың әке-шешесін сағынып жүргендігін білдірген» [3, 2]. Сонда ғалымдар түр-түс атауларын адамның тану әрекетімен, мәдениетімен, сол халықтың өзімен байланыста қарап, түр-түстану деген бір саланың негізін қалап, тың зерттеулер жүргізіп жатыр. Бұның барлығы айналып келгенде қазақ халқының түр-түстанудағы этномәдени болмысын танытады.

Тілдегі түр – түс атаулары – белгілі бір заттың сапалық сынын ғана білдірмей, сонымен қатар бір этностың ұзақ тарихы, оның рухани-мәдени өмірі, эстетикалық талғам-танымы, ұлттық психологиясы, салт-сана, әдет-ғұрып туралы да мол мағлұмат бере алатын күрделі категория. Бұл түр-түс атаулары әртүрлі аспектіде: лингвистикалық, психологиялық, когнитивтік, тарихи-мәдени, этнолингвистикалық зерттелуімен айшықталады.

Ал лингвистикада, оның ішінде когнитивтік лингвистика саласында түр-түс атауларын сол тілді иеленушілердің жинақтаған өмірлік тәжірибесін, рухани болмысындағы ерекшеліктерді танытатын тілдік дереккөздер ретінде қарастыру қарқынды жүре бастады. Лингвистикада түр-түс атаулары американдық ғалымдар Л. Уорф, Э. Сепир еңбектерінде тікелей зерттеу нысанына айнала отырып, көптеген жекелеген тіл білімдерінде түр-түс атауларының концептуалдық, символикалық т.б. сипаттары туралы зерттеулердің туындауына түрткі болды. Ал түркі тілдерінде түр-түс атаулары тіл білімінің морфология саласында қаралып, лексика-грамматикалық тұлғалары анықталды. Түске қатысты күрделі аталымдар А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алып, 1930 жылдары Қ. Жұбанов, Н.Т. Сауранбаев, Қ. Аханов, А. Ысқақов, Ә. Қайдаров, Ж. Шәкенов т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Қазақ тілінде түспен байланысты тұрақты сөз тіркестері көлемді келеді. Онда қазақ халқының тұрмысы, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары көрсетілген. Қазақ тілі өзге түркі тілдері сияқты ауызша және жазбаша сөйлеуде түрлі стилистикалық мақсаттарда пайдаланылатын фразеологизмдерге, мақал-мәтелдерге бай. Адам және оның қоршаған ортаны тану ерекшеліктері, қалыптасқан тілдік мәдениеті мен халықтың дүниетанымы жеке сөздерден емес, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлерден көрініс табады. Яғни, қазақ халқының ұлттық дүниетанымы қоршаған орта мен табиғатпен тығыз байланысты және өзінің эстетикалық дүниетанымын, эмоционалдық жағдайын, адамгершілік туралы түсінігін түср-түс арқылы білдірді. Ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін көрсететін түс атаулары фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде, салт-дәстүрлерде анық байқалады, сондықтан олар номинативті және танымдық функцияларды білдіретін тұтас күрделі номинативті ұғымдар ретінде қарастырылады.

Түр-түсті тану үшін қажетті үш элемент бар. Олар: біріншісі – тағдырдың адамға сйлаған тамаша тартуы – көз, екі жанар, екіншісі – жер бетіндегі тіршіліктің қайнар көзі, әлемге жарық сәуле шашушы Күн, үшіншісі – бізді қоршаған табиғат, тіршілік болмыс. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты және бірінсіз бірін танып, білу мүмкін емес.

Адамның ең алғаш байқап, түр-түсін ажыратқан құбылыстарына Күн, Ай, Жұлдыздар, күннің құлақтануы; жұлдыздың ағуы, таң шапағы, Көк тәңірі, аспандағы бұлт, құс жолы, кемпірқосақ, өртенген дала мен орман, жасыл жапырақ, ақ қар, көк мұз, алтын мен күміс, асыл тастар, т. б. жатады. Халықтың түр-түс жайындағы дәстүрлік ұғымына, танымына негіз боларлық басқа да табиғи құбылыстар баршылық. Халық олардың бәрін жалпы түрде, ең басты қасиеттерін ғана қабылдаған. Мәселен, қазақтар қызыл алма, көк қауын, сары қымыз, қара жер, ақ нан, жасыл орман, сұр бет деп айта береді. Бірақ шынында бұл заттардың түсі дәл сондай емес. Табиғи түр-түс пен оның халықтық атауы арасында ешқашан толық сәйкестік болған емес және болмайды. Оның басты бір себебі: түр-түсті танып, білуде адамдар арасында объективті бірлестік жоқ та, субъективті алшақтылық мол. Бұл жеке адамдардың басында ғана емес, тіпті этнос, ел, халықтарға да тән ерекшелік.

Түр-түс жүйесінің ортақ белгілерімен қатар өзіндік ерекшеліктері де аз емес. Түр-түстің білдіретін мағыналары туралы Ә. Марғұлан былай деп жазды: "Көк түс – аспанның символы, аспанға құлшылық етудің символы; қызыл – от, күн; ақ – шындық, қуаныш, бақыт; сары – ақыл; қара – жер; жасыл-көктем, жастық" [4, 87].

Қазақ халқының түстаным әлемінде тұрмыс-тіршілігінің көзі төрт түлік мал болғандықтан, көк, көгілдір түстердің орны ерекше. Сол себепті де көк биенің сүті бала біткеннің ауруына ем, дертке дауа, ал көк ешкінің терісі шертпе ауруына шалдыққан бала үшін сауығудың бірден – бір жолы деген түсінік қалыптасқан. Тіпті ұзақ сапарға төзімді деп қазақ қара көк, қара түсті жылқыларды баптаған.

Демек, этномәдени мән-мағынаға ие көк түс, біріншіден, қасиет, киеліліктің, екіншіден, еркіндіктің, сенімділіктің символы, үшіншіден, жастықтың, өсіп-өнудің, сол сияқты шексіздік пен биіктіктің бейнесі аспан, терендіктің бейнесі – теңіздің символы.

Көк пен Тәңір аспан мағынасындағы синоним сөздер болып табылады. Бұған ұлы ғалым М.Қашқаридің «Лұғатында» берілген көктің бірнеше мағынасы дәлел бола алады, соның бірі — аспан. Ал осы сөздікте тәңір номинативінің мағынасы да аспан деп көрсетілген. Ш.Уәлихановтың «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» атты мақаласында: «Аспан — бұл шамандықта ең жоғарғы күдірет. Көк тәңірі — көк аспан. Қырғыздарда бірінші сын есім көк сөзі көрінетін заттық нәрсені білдіреді, ал тәңірі зат есімі Алла және Құдай сөздерінің синониміне айналған», — дейді [5, 62].

Сондай-ақ көк сөзіне қатысты қазақ халқында көптеген сөздер бар. Бұған көк тәңірідегі алғашқы компоненттің ықпалы бар секілді. Мысалы, көк шықты дегендегі көк заттың түсін

емес, жаңа шыққандығын білдіреді. Тәңірідегі көк дүниенің бастауы деп түсінсек, шөп сөзімен тіркескен көктің мағынасын біз көктем мезгілінің келгендігі, жаңа тірліктің басы деп ұғамыз.

Көк сөзі фразеологизмдерінде кеңінен қолданылады. Мәселен, қазақтардың түсінігінде көк аспан, Құдайға деген сенімді білдіреді. Сонымен қатар көк сөзінің мағынасы түрлі фразеологизмдерде де әртүрлі. Мысалы:

Көк дауыл (-дай) – өте екпінді, мейлінше асқақ мағынасында;

Көк есек – көнбіс жан, істің құлы, жұмсауға қолжаулық адам;

Көк майса – шөбі мол, жайсаң жер;

Көк малта – сөзқұмар, көбік ауыз [6, 344-345].

Қазақ халқының сары түсі қозғалысты, сағынышты, сарқылмас өмірді, кеңдік пен салмақтылықты білдіреді. Растау үшін фразеологиялық тіркестердің келесі қатарын келтіреміз:

Сары ауыз – өте жас, жетіл меген, бесік табы белінен кетпеген;

Сары аяз – ұзаққа созылған қатты суық, шытырман райлы күн;

Сары жұрт – ескі, көне қоныс орны, қалың ел мекен-жайы [6, 605].

Қоңыр түс – қазақтарда тыныштық, жылу, қауіпсіздік белгісі.

Халқымыздың жанына жақын түстердің бірі – қоңыр түсі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қоңыр түсіне байланысты тура және ауыспалы сөздер тізбегі берілген, мысалы: қоңыр, қоңыр ала, қоңыр аю, қоңыр ән, қоңыр бел, қоңыр дауыс, қоңыр жел, қоңыр жүз, қоңыр көлеңке, қоңыр күз, қоңыр қаз, қоңыр леп, қоңыр салқын, қоңыр тарту, қоңыр үн [7, 519].

"Қоңыр" компоненті тұрақты сөз тіркесінде "орташа" мәнін білдіреді. Мысалы:

Қоңыр жел – біркелкі жайлы салқын леп;

Қоңыр кеш – кешқұрым, жаңа қара көлеңке түсе бастаған мезет;

Қоңыр көрді – кем тұтты, олқы санады;

Қоңыр күз – ызғар, суығы жоқ біркелкі жайлы күз;

Қоңыр салқын – ызғарсыз сәт, мезгіл [6, 456].

Қой жуастықтың, қарапайымдылықтың, байлықтың символы болып саналғандықтан, содан пайда болған қоңырдың да беретін мағынасы соған жуық келеді. Қазақтың қоңырым, қоңыр қозым деп еркелетуі, қарапайым тірліктің қоңыр аталуы, қоңыр үннің құлаққа жағымдылығы, қоңыр желдің саялылығы — бәрі де қоңырға деген қазақтың ерекше ықыласын білдіреді. Қазақ қоңыр аңның киесі атады деп оны атпаған, ерекше қастерлеген, оны кие тұтқан. Және де, біздің байқағанымыздай, өзге түркі тектес халықтар қоңырды көп қолдана бермейді, оның орнына күрең сөзі жүреді.

Қазақ халқының әдет-ғұрпында ертеде күнге табынған, отты аттамаған, отқа түкірмеген, отты су құйып сөндірімеген, шоғын баспаған, отпен аластаған. Әр шаңырақ астындағы ошақтағы жанған от бірліктің, берекенің, ұрпақ жалғасу тіршілігінің белгісі, осыдан отау, отбасы деген сөздер шыққан. Қазіргі қазақ тілінде «қызыл» түстің ғана емес албыртып тұратын, қызара бөрткен, жас, қызу қанды, сұлу реңді «қыз» деген сөзінің шығуына негіз болса керек [6, 34].

Қызыл түс бастапқыда күн, от түстерімен байланыстырылып, бүгінгі күнге дейін көптеген халықтарда қасиетті түс болып саналады. Қазақтарда қызыл түс салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпына байланысты фразеологизмдерде де кездеседі. Мысалы, әдет-ғұрып бойынша түйе баласы дүниеге келген үйге «қызыл ту» байлады. Бұл – тыныштық сақта, шу болса түйе өліп қалуы мүмкін деген белгі. Қызыл ту "бекітілмеген, жаңа туған" деген ұғымды білдіреді. Басқа фразеологизмдерде қызыл түс:

Қызыл арай – күн шапағы (таңертеңгі және кешкі мезгілге қатысты айтылады)

Қызыл ауыз – көп сөйлейтін, мылжың;

Қызыл тіл – шешен, орамды, жүйрік тіл [6, 486-488].

Қазақтар арасында қызыл орамал – тұрмысқа шықпаған қыздың белгісі болып саналған. Қызыл орамалы немесе қызыл киінген қызы бар үйді қызыл үй деп атау дағдысы да болған. Оны

жергілікті тіл ерекшеліктерінен кездестіреміз: қызыл үй (Қостанай обл.) – қызы бар үй. Сонымен қатар, жаңа түскен келіннің бетін ашқанда, жыр айтушы ақын оң қолымен ашады. Жеміс ағашына немесе тобылғы сапталған қамшының сабына қызыл торғын орамал байлап, сонымен ашады. Онысы: «Келіннің беті айдай жарық болсын, жемісті ағаштай ұрпағы көп болсын» деп ырымдалады.

Қызыл сөзінің «жас», «жаңа туған» деген де мәні бар екенін тіліміздегі қызыл шақа, қызыл қарын жас бала т.б. тіркестерімен қатар, тұрмыстық салт-дәстүрлер көрінісінде ерекше дәлелденеді.

Қызыл қарын жас бала – ес біліп, етек жаппаған, буыны қатпаған, ер жетпеген бала.

Қызыл шақа – шыр етіп жаңа туған бала, құс балапаны.

Қызыл борбай – буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, жас [6, 487-488].

Қазақ әдеті бойынша жаңа туған ботасы бар үйге қызыл жалау байлаған. Мұны көргендер атпен, көлікпен қатты жүріп келмеген. Қатты келсе, бота шошып, өліп қалады деп ойлаған. Бұл жердегі жалау түсі «жас нәресте, балапан, әлі қатаймаған кезі» деген мәнді білдіреді. Сондай-ақ, мал төлдеп жатқанда кереге басына, бақанға, қойдың құйрығына қызыл шүберек байлап іліп қояды. Оны елдің көзі төлге түспей, құйрыққа түссін дегені [8, 336].

Ақ түс - қазақ ұғымындағы ең қасиетті, ең ардақты, ең сүйкімді, ең жұмсақ бояулардың бірі. Бұл түс қазақ мәдениетінде адамшылықты, пәктік, ізгі ниеттілікті, адалдықты, шындықты, жақсылық, молшылықты, әулиелікті білдіретін асыл, қасиетті сүйкімді, жылы түс боп танылады. Сол себепті ақ түс әлемдік дүниетанымда жақсылық, ізгілік, адамгершілік, пәктік, сүйкімділік секілді ұғымдардың бәрімен де шектесіп, астарласып жатады.

Қазақтар ізгі ниет, жақсы тілек, пәк сезім, адал көңіл тәріздес жан дүние құбылыстарына ақ көңіл, ақ тілеу, ақ пейіл, ақ жарқын деп ат қойып, бұларды «ақ» түсінің көмегімен ардақтап, аялап келген. Ақ түстің этносимволикалық «киелілік», «қасиеттілік» мәнін әулие-әнбилерді, Қыдыр бабамызды сипаттаудан да көреміз, яғни қазақ халқының дүниетанымдық ұғымында олар ақ сақалды, ақ сәлделі, ақ шапанды қария ретінде түсіндіріледі.

Қазақ халқының ақ және қара түстермен қарым-қатынасы халықтың сана-сезімі мен тіліне терең сінді. Ең алдымен, қазақ халқының танымдық ұғымындағы ақ және қара түсті белгілеуі жақсы және жаманды ажырату үшін қолданылған. Егер ақ түс асыл қасиеттердің белгісі болса, қара түс теріс, жамандық белгісі. Мысалы:

Ақ білек – 1) сұлу, перизат; 2) қара жұмыстан қашатын мырза-шора;

Ақ етек болды – 1) адал кісі, арамдығы жоқ жан; 2) адал көрінетін, адал көрінгісі келетін кісі;

Ақ сөйле – 1) әділін айт деген мағынадағы тілек; 2) жақсылық әкелсін деген мағынада;

Ақ сұпыдай – әсем, ақ торғын ;

Ақ тамақ – қыздың әдемі, сұлу тамағы [7, 30-34].

Ғалым-этнограф Гроссенің пікірінше, қазақтарда қара түс — көпмағыналы. Академик А. Н. Кононов түркі тілдеріндегі түс атауларының мағынасын зерттеген, осы тілдерде «қара» сын есімінің жиырма ауыспалы мағынасы бар екенін ерекше атап өтті [8, 161].

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қара сөзінің мағынасына қатысты берілген сөздерден түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылық мағыналарын тануға болады. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіріп тұр. Қара сөзінің ауыспалы коннотативтік мағынасы оның номинативтік мағынасына қарағанда әлдеқайда көп: қара, қара тұту, қара жамылу, қара ту, қара тігу, қараны жығу, қаралы көш, қара қазан, қара шаңырақ, қара шымылдық, қара жаулық, қара ниет, қара жүрек т.б.

Қара борбай – бейнетқор шаруа адамы;

Қара бұқара – қанаушы тапқа қарама-қарсы тұрған еңбекшілер, көпшілік жұрт;

Қара дауыл – екпінді, суық, ызғарлы жел;

Қара жаңбыр – нөсерлі қалың жауын [9, 416-417].

Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, белгілі этнограф Ө.Жәнібековтің көрсетуінше, қазақ халқында ертеректе ел жақсысы қаза тапқанда шаңырақтан қара ала шашақты қара жалау көтеріп, жақындары қара жамылып аза тұтатын, оның мінген атын бір жылға дейін тұлдап, ертұрманына қара жабу жауып, көші-қон кезінде жетелеп ертіп жүрген.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі түр-түс атауларының атқаратын қызметі мен аңғартатын мағынасы мен мәні сан алуан. Түр-түс атауларының бұл қасиеті – жай уақытта байқала бермейтін, бірақ тілдің ұзақ даму тарихында қалыптасып қолданысқа енген, оның күші мен құдіретін, әсерлілігі мен әсемдігін танытатын қасиет. Мақалада түр-түс атауларының ана тілімізде қандай заттар мен құбылыстарды сипаттай алатынын байқадық. Тіліміздегі түр-түс атауларының қатысымен жасалған неше мың анықтауыш тіркестерден бүкіл табиғаттың керемет көрінісін: аспан әлемі мен жер бетін, жүгірген аң, ұшқан құстардың мың түрлі түр-түсін, адам және адамды қоршаған ортаның бейнесі мен түрлі құбылысын өзінің табиғи бояу-нақышымен тануға мүмкіншілік алдық. Егер осы құбылысты сөз арқылы емес, көз арқылы танып-білсек, қаншама эстетикалық ләззат алған болар едік.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: Ана тілі, 1992. — 448 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – А., 1991
3. Құмарова Б. Көне өнерді жаңғыртайық // www.vkoem.kz
4. Маргулан, А. Х. Казахское народное творчество / А.Х. Маргулан. — Т. 1. — 191 с.
5. Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. — Т. 4. — 2-бас. — Алматы: Толағай групп, 2010.
6. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. - Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. - 800 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
8. Кононов А. Н. Тюркологический сборник / Семантика цветообозначений в тюркских языках. – М., - 1978. – 179 с.
9. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. - Астана, "Фолиант", 2013. Т. 94: Түс жору және ырымдар. - 432 бет.

ӘОЖ 82.3

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ РОМАНТИКАЛЫҚ ОБРАЗ

Маратова Шұғыла Саматқызы

shugashuka1206@gmail.com

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті магистранты,
Алматы қаласы

Ғылыми жетекші – С. А.Қалқабаева

Әдебиет – соқпағы мен саласы көп білім кені. Өзге алпауыт ғылым салалары секілді әдебиеттің де зерттеу объектісі – адам, қоғам. Жан, мінез, тұлға деген ұғымдар болмаса, әдебиет те дүние есігін ашпас еді. Ал әдебиеттің адаммен біте қайнасының белгісі – образ ұғымы. Образ – адам өмірінің суреті. Есімі елге мәлім әдебиеттанушы Р.Нұрғали образ терминінің әртүрлі қырлардан қаралатынын айта келіп: «Өнердегі бейне – өзіне ғана тән пәні, объектісі бар,